

ТӘРБИЕШІ – БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ

«Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге», – деп Ж. Аймауытов атап өткендей, қазіргі заман талабына сай инновациялық технологияларға негізделген оқу-тәрбие саласына өз үлесін косып, көпшіліктің ризашылығына бөленген Алматы қаласының мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің бірі – № 69 бөбекжай-балабақшасы.

Бүлдіршіндердің ақыл-ойын дамыту, оны жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу тәрбиеші қауымының алдына жүктелген үлкен міндет. Осындай зор міндетті арқалап, отбасындағы тәрбиені балабақшаның тың әдістерімен ұштастырып келе жатқан ұжымымыз сегіз топтан құралған. Балабақшада 25-ке жуық педагог жұмыс істейді. Олардың барлығы жоғары білімді, білікті мамандар. Балабақшаның оқу тәрбие жұмысы жоспарлы түрде мемлекеттік стандартқа сай жұмыс жүріп жатыр. Осы ретте өзім қызмет жасап жүрген МКҚК № 69 бөбекжай-балабақшаның атқарып жатқан іс-тәжірибесін, жетістіктерін көпшілік назарына ұсынбақшымын.

Балабақшамыз 2009 жылы «Ең үздік балабақша» байқауынан «Бас жүлде» жеңіп алса, 2011 жылы III Республикалық «Білім ұясы» сайысында көш бастап, жеңімпаз атанды.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп



жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Осы мақсатта балабақшада «Құм терапиясы» технологиясы енгізілген болатын. Бұл әдіс – балалардың ақыл-ойын дамытуға, ойын өзекті, ашық жеткізуге және ұсақ саусақ моторикасын дамытуға арналған.

«Құм терапиясын» қолданудағы біздің мақсатымыз – балалардың қиял, көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, көрнекі іс-әрекеттік, шығармашылық ойлауын дамыту.

5 білім беру саласын қамти отырып, «Құм терапиясының» әртүрлі әдіс-тәсілдерін оқу қызметімізде қолданып келеміз. Осы жұмыстарды жинақтай келе, балабақшамызда ересектер «Күншуақ» тобымен республика

көлемінде эксперименттік алаң болып белгіленіп, тәжірибеден өткізілдік. Осыған орай эксперимент нәтижесі 2016 жылы «Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологиялар» – атты әдістемелік құралымыз жарық көрді.

Сондай-ақ балалардың тілін дамытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келеміз. Олардың қатарында дыбысты анық айтуда қолданылатын әдіс-тәсілдермен қатар есте сақтау қабілетін дамыту жолдары бар. Ойындар ойнату арқылы тілін дамыту, ертегі, әнгіме және сурет бойынша әнгімелеу арқылы дамыту да қолданылады. Нәтижесінде 2017 жылы «Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызмет барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану» әдістемелік құралын жазып, балаларға тақпақ жаттатудың отызға жуық әдістерінің басын қосып, жарыққа шығардық. Осы әдістемелік құрал Алматы қаласы бойынша барлық балабақшаларға таратылды.

Жаңа заман баласы – бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық мақтанышы. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса оның нәтижесі де соншалықты ерте жемісін бермек. Сондықтан көпжылдық тәжірибемен келген ізденіс нәтижелерімізді, білген-түйген, пысықтаған материалдарымызды уақытында жарыққа шығарып отырдық.

Олар: «Білім берудегі жаңашылдық: ізденіс пен шешім» республикалық ғылыми жинағында, «Байтақ елім, туған жерім», «Өнерлі өрге жүзер», «Есептеп үйренейік!» балабақшаның іс-тәжірибелік жинақтарында, «Мектепке дейінгі тәрбие» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналында, «Заманауи қоғамдағы психологиялық ғылым және практика: мәселелер, тәжірибе, болашақ» – атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында әртүрлі тақырыптағы мақалаларымызбен ашық оқу қызметтеріміз жарық көрді.

Балабақшамыз 2012 жылы Инновациялық-педагогикалық идеялар жөніндегі VII Республикалық фестиваліне қатысып, «Балалардың тілін дамытуда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану» тақырыбында жоба жұмысын қорғап, I орынды жеңіп алды.

Балабақша ұжымының бірнеше авторлық кітаптары мен мақалалары да бар. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына негізделіп



«Сөйлеуді дамыту» әдістемелік құралы, балаларға арналған жұмыс дәптері, демонстрациялық материалдары және «Мектепке дейінгі білім беру инновациялық технологиялар» әдістемелік құралы, «Мектепке дейінгі ұйымда құм терапиясының қолданылуы» әдістемелік құралы, 2017 жылы «Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызмет барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану», «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» ұйымдастырылған оқу қызметінің барысында балалардың танымдық ойлау қабілетін дамыту», «Мектепке дейінгі ұйымда тас терапиясын қолданудың ерекшелігі», «Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызмет барысында балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» әдістемелік құралдары ұжымның бірлесіп атқарған ерен еңбегі.

Балабақша үшін 2018 жыл есте қалатын жылдарының бірі болды. Мен елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында бір топ педагогтермен бірге «Үздік педагог» атандым. Бұл да менің шығармашылығымға шабыт бергендей!

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» деген әдемі теңеу бар. Аталмыш теңізде біз – балабақша желкенді қайық іспеттіміз! Желкенді қайық секілді жолаушыларымыз – бөбектеріміз де сондай бейғам, сондай нәзік! Осы жолда мақсат-мұраты бір тәрбиешілер қауымы тарапынан жоғарыда аталған оқу құралдарына деген кәсіби көзқарасты, шынайы бағаны алдым.

Өмірлік мақсат-мұратымның туы болатын мамандығымды дұрыс таңдаппын, осы жолда бөбек күйінде алдыма келген тәрбиеленушілерімді алғыр да алымды оқушылық өмірге ілестірдім, ата-аналарының шынайы алғысына бөлендім. Алдымда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие саласындағы тағы қандай жаңалық, қандай леп, қандай өзгеріс болмақ болса, барлығына кәсіби тұрғыдан ілесуге дайынмын.

М. Р. СУЛЕЙМЕНОВА,
Алматы қаласы МКҚК № 69
бөбекжай-балабақша тәрбиешісі

АННОТАЦИЯ ○

Автор статьи М. Сулейменова рассказывает о жизни детского сада № 69 города Алматы. Детскому дошкольному учреждению есть чем гордиться и поделиться с читателями.

